

Алматы қаласы Білім басқармасының «№10 Балалар музыка мектебі» МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары туралы аналитикалық анықтама

«30» сәуір 2024 ж.

1. Кіріспе бөлім.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 5 тармағы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қағидалары, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы 2021 жылғы 7 сәуірде бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстарға сәйкес, № 10 БММ МКҚК директоры Зуй Татьяна Борисовнаның 10.04.2024 жылғы бұйрығының негізінде жүргізілді.

Жұмыс тобының дербес құрамы:

- Н.А. Жиленко - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - жұмыс тобының басшысы;
- А.Е. Снегирёва – комплаенс-офицер;
- О.Р. Козырева – директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары;
- С.С. Ибраимова – қазақ халық аспаптар бөлімінің меңгерушісі;
- К.С. Естемесова – қазақ халық аспаптар бөлімінің оқытушысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2024 жылдың 1 жартыжылдығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы сәуірдің 01-30 аралығы.

2. Ақпараттық аналитикалық бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ұйымдастыру-басқару қызметінде келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

- 1) ұйымдастыру-басқару қызметі;
- 2) персоналды басқару;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету
- 4) ақпараттың қолжетімділігі

ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

Қадағалау кезеңінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау тұрғысында ішкі жергілікті актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде ішкі жергілікті актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

2024 жылғы 1 жартыжылдықта № 10 БММ МКҚК ұйымдастыру-басқару қызметінде келесі бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудан өтті:

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес педагогикалық өтілін есепке алу және еңбекақы мөлшерін есептеуді бақылау жүргізілді.
2. Кәсіпорындағы мемлекеттік сатып алулар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электронды түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Электронды шарттар және мемлекеттік сатып алуды оңайлату және айқындауға бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

2024 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі бойынша мемлекеттік сатып алу порталында Кәсіпорынның қажеттіліктері жарияланған болатын:

- Электронды дүкен – 7;
 - Конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалану арқылы – 2;
 - Баға ұсыныстарын сұрату – 10;
 - Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу – 2;
 - Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу – 1.
3. Алматы қаласы әкімдігінің 22.12.2016 жылғы №4/606 қаулысына сәйкес, Кәсіпорынның есептік шотына түсетін қаражат (ата-ана төлемақысы) тексерілген болатын. Тексеру барысында тексеру кезеңі бойынша берешектер анықталды. Оқушылардың ата-аналары мен мұғалімдеріне өткен кезең бойынша қарызды өтеу қажеттілігі туралы хабарландырылды.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ:

1. Қызметкерлердің жеке істерін тексеру барысында барлық қызметкерлердің уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды. Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық саласында әкімшілік және қылмыстық істер қозғалған жоқ. Жеке істерде құқықтық статистика комитетінің «Ақпараттық сервис» базасынан алынған соттылықтың жоқтығы туралы анықтамалар және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы арнайы есептер бар. Бақылау кезеңінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.
2. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында қызметкерлермен жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) тапсыруға қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс тобы қызметкерлердің тізімдік санына сәйкес хабарламаларды тексерді. Ұжымның 100%-ы декларацияны тапсырып, хабарлама ұсынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында лауазымды тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген бұзушылықтар, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдар (оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру және т.б.) анықталған жоқ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Осы бағыт шеңберінде BilimAlmaty мемлекеттік порталы және «Ұлттық білім беру деректер қорына» оқушылар санының сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

АҚПАРАТТЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

1. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2023-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындауда Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсы әзірленуде, онда «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Қазақстан Республикасының Заңы және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептер, аналитикалық анықтамалар орналастырылатын болады.
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жөнінде Кәсіпорынға қатысты анықталған теріс материалдар мен жарияланымдар тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарын мониторингілеу

жүргізілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін мониторингілеу нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың туындауын сипаттайтын себептер анықталған жоқ.

3. Қорытындылар мен ұсынымдар:

Қорытындылар: Жұмыс тобы кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген қорытындыға келді.

Талдау кезеңінде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Ұсынымдар: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, парасаттылықты нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу, кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн тәртібіндегі ақпаратты орналастыру үшін кәсіпорынның ресми интернет-ресурсын іске қосу.

Жұмыс тобының мүшелері:

Н.А. Жиленко
А.Е. Снегирёва
С.С. Ибраимова
О.Р. Козырева
К.С. Естемесова